Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Буенбаева Зарина Қайратқызының «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясы туралы

П І К І Р

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Ақпараттық технологияның мүмкіндігі артқан бүгінгі заманда журналистиканың даму қарқыны да зор жылдамдықпен ұлғайып келеді. Тіпті, соңғы он жылда журналистика деген «классикалық» атаудан гөрі «медиа», «масс-медиа» немесе «коммуникация» сынды сөздерді пайдалануға асықпыз. Бұл әлбетте, біріншіден XXI-ғасырдың талабы. Заманына орай амалы демекші, дамыған мемлекеттермен тереземізді теңестіру мақсатында Қазақстан Республикасы арнайы стратегиялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырып келеді. Соның ішінде ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, ақпараттық қоғамға көшуді мақсат тұтқан «Ақпараттық Қазақстан – 2020» бағдарламасы – қазіргі заманның сұранысына орай туған қажеттіліктер болып табылады. Сондықтан, зерттеу тақырыбы отандық ақпараттық кеңістік пен жалпы ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегияларға сай келеді.

Ізденуші З.Қ. Буенбаева осы өзектілікті ескере келе, өзінің зерттеу жұмысында отандық ақпараттық кеңістіктің көрінісін толыққанды суреттейді. Ол Шығыс пен Батыстың медиа үдерісін салыстыра отырып, қомақты да сүбелі еңбекті орындап шығуға тырысты. Осы орайда, мұндай зерттеуді жасау үшін, әрине, заманауи технологиялардың жілігін шағып, майын ішпесе болмайтынын айтып өткіземіз келеді. Ізденуші Буенбаева Зарина Қайратқызы зерттеу жұмысында Шығыс пен Батыс секілді екі тарапта жүріп жатқан медиа үдерістегі дәстүр, контент және конвергенцияны салыстыра келе, өзекті деген әлемдік журналистиканың даму үдерісін саралап, сан түрлі форматтағы медиа құрылғыларды зерттейді. Техникалық шеңберден гөрі, психологиялық-мәдени мәселені ашуға тырысады. Сонысымен де ізденушінің зерттеу жұмысы басқа зерттеу жұмыстарынан ерекшеленіп шыға келеді. Сонымен қатар, ізденуші ақпараттық технологияның бастауы Шығыстан бастау алатынын дәлелдеуге тырысады.

Тағы бір ерекше атап өтетін жағдай – ізденуші өз зерттеуінде қазақ халқының «бабажурналистикасы» мен қазіргі журналистиканың арасындағы тығыз сабақтастықты дәлелдейді, қазіргі конвергенттік журналистика элементтерінің бірі болып саналатын инфографиканы халқымыздың төл жазбалары – көне жазбаларында кездесетінін сындарлы

Scanned with CamScanner

мысалдармен дәлелдейді, бүгінгі ақпараттар тасқыны тоқтаусыз толастап жатқан заманда ақпаратты қабылдау қиындықтарына тоқталады.

Зерттеу жұмысының өзектілігін арттырып отырған келесі бір мәселе, ол – жаһандану теориясы мен процессі. Ізденуші «келімді-қайтымды» теориясын алға тарта отырып, жаһандану ілімін жаңа қырынан көрсетуге тырысады. Шындығында, біз бұл теория тұрғысынан Шығыс пен Батыстың ара-қатынасына айтарлықтай жаңалықтар енгізуге болатынын аңғардық. Зерттеушінің пікірі бұл тұрғыдан дәлелді, шындыққа бір табан жақын.

Сонымен қатар ізденуші дәстүрлі БАҚ-тың интернет кеңістігіндегі миграциясы жөнінде сөз қозғағанда миграцияның аналогтық түрінен сандық түріне көшетінін айта келе, бұл үдерістің заңды құбылыс екенін дәлелдейді.

2. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Зерттеу жұмысында көрініс тапқан автордың даралық принципі біріншіден, ізденушінің тақырыпты тереңінен зерттеп, оны талдау, сараптау, дәйектеу және тұжырымдау қабілеттерінен байқалады. Нәтижесінде, автор жаңа медиа және отандық журналистикада заманауи тақырыпты мейілінше зерттеу арқылы журналистикатануға қомақты ғылыми үлес қосқанын ерекше атап өтуді жөн санаймын.

Жалпы саны 170 беттен тұратын диссертациялық жұмыс негізгі үш тарау мен 12 бөлімнен құрылған. Аталмыш комбинация зерттеу жұмысының мазмұнын жүйелеуге, сақтауға және бірінші тараудағы ой екінші тарауда әрі қарай өрбуіне мүмкіндік берді және ішкі өзара тығыз бірлікке орай ұқыпты құрылды. Мұндай архитектоника диссертацияның мазмұнын толық ашады.

Алғашқы тарауда ізденуші журналистиканың даму эволюциясын көрсетеді. Екінші тарауда заманауи медиа үдеріс «конвергенция үдерісін» және оның даму тарихын, халықаралық тәжірибесін, келешектегі мүмкіндіктерін анықтайды. Қорытынды үшінші тарауда ақпараттық технологиялардың адам психологиясына, санасына әсерін тұжырымдайды. Осылайша, ізденуші зерттеу жұмысының мазмұны мен логикалық жүйесін ішкі ортақ бірлікке ұтымды ұйыстыра білген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Ізденуші Шығыс және Батыс медиа үдерістерін салыстыра отырып келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1. Ежелгі қазақ халқының көне жазбаларындағы таңбалау үрдісінің заманауи журналистиканың элементтеріне жақын екенін дәлелді түрде тайға таңба басқандай көрсете отырып қазақ журналистикасының негізі – бабажурналистиканың әлемдік ақпараттық жүйеге қосқан өзіндік үлесін айқындайды. Қазіргі таңда ақпаратты жекізу, тасымалдау, тарату түрлері графикалық таңбалы түрде конвергенттік медиада жүзеге асып отыр. Аталмыш тұжырымның жаңашылдық деңгейіне келетін болсақ, автор өзінің зерттеу жұмысында «бабажурналистикаға» қатысты профессор Кәкен Қамзиннің теориясын негізге алғанын байқадық. Алайда ізденуші бұл ретте «бабажурналистикаға» басқа қырынан қарап, көне түркілік таңбаларды

Scanned with CamScanner

бүгінгі заманның символдарымен өзара пареллель жүргізеді. Сол себептен, ізденуші қарастырып отырған бұл тұжырымның жаңашылдығын аңғару қиын емес.

2. Көркем хронотоп теориясын назарға ала отырып, ақпарттық кеңістіктегі заманауи медиа құбылыстарды пәнаралық зерттеу принциптеріне сүйене отырып, кешенді зерттеу жұмысын жүргізген. Тұжырымның жаңашылдық деңгейі салыстырмалы түрде жаңа. Өйткені, отандық ғалымдар жаңа медиа тақырыбын зерттеуге жиі барғанымен, оған пәнаралық сипат бермейді, оның үстіне жаратылыстану іліміндегі теориялар негізінде дәлелдеуге бармайды. Осы тұрғыдан алғанда, біздіңше, аталмыш тұжырымға жаңашылдық сипат беру орынды.

3. Конвергенция үдерісінің Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері қазақстандық журналистика тарихында тұңғыш рет жан-жақты зерттелді. Республикалық және өңірлік телеарналардың редакциясындағы конвергенция принциптері талданды. Бұл тұжырымның жаңашылдық деңгейі жоғары. Себебі, конвергенция үдерісіне ғылыми тұрғыдан сипаттама беріп, қомақты зерттеу жүргізіп жүрген отандық ғалымдар кемде кем. Ал диссертант З.Қ. Буенбаева аталмыш үдерісті тереңінен зерттеп, қазақстандық медиа ілімінде айтылмаған дәйектемелер мен деректерді молынан береді, тереңінен тарқатады.

4. Медиа кеңістіктің өзгеруі, медиа контенттің түрленуі тікелей адами табиғатқа да өз әсерін тигізетіні дәлелденді. Ақпарттық технологиялық революцияның нәтижесінде ақпаратты қабылдау формасы өзгеріске ұшырады. Тұжырымның жаңашылдық деңгейі эмпирикалық зерттеулерімен өлшенеді. Ізденуші ұлттық дүниетаным мәселесін тарқату үшін арнайы түйінсөздерді белгілеп, оның интернеттегі кездесу жиіліктерін анықтайды. Қазіргі таңда ең көп сұратылатын сөздер бірлігін кестеде ұтымды бере білген.

5. Жаһандану феноменін «келімді-қайтымды» толқындар теориясы арқылы жаңа қырынан дәлелдеді. Оған жаңа сипат беріп, ақпараттық әлемде орын алып жатқан процестерге, соның ішінде медиа құбылыстарға жаңаша көзқарас қалыптастырды. «Келімді-қайтымды» теориясын қазақстандық медиа кеңістік шеңберінде зерделеген тұжырымның жаңашылдық деңгейі жоғары.

6. Ақпараттық кеңістіктің болашағына қатысты футурологиялық болжамдар мен қазіргі таңда қолданыста жүрген технологиялар жүйелендірілді. Жалпы ақпараттық кеңістіктегі жаңа технологияларға қатысты айтылып жүрген пікірлер, теориялар, тұжырымдар қазіргі таңда жеткілікті әрі шашыраңқы. Сонымен қатар, олар көбіне жалпылама және сипаттау форматында беріледі. Ізденуші осы тұрғыдан алғанда қазақстандық журналистика іліміне көптеген ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалану арқылы сұрыпталған, дәйектелген және ғылыми негізделген зерттеу жұмысын берумен жаңашылдыққа бастайды.

Ізденуші Буенбаева Зарина Қайратқызы жоғарыда аталған тұжырымдарды әдебиеттерді сараптау, теорияларды талдау, медиа

Scanned with CamScanner

саласындағы практиканы зерделеу, халықаралық ресурстарды дәйектеумен негіздейді.

4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Ізденуші ұсынып отырған тұжырымдар мен қорытындылар нақты теорияларды пайдалану, эмпирикалық зерттеулер жүргізу және салыстырмалы талдау арқылы шынайы әрі берік негіздемелерге сүйене отырып жазылған. Бұдан біз автордың шынайылық принциптерін сақтағанын айқын аңғарамыз. Осы ретте ізденуші 200-ден астам әдебиетті оңтайлы сұрыптап, сараптап, орынды пайдаланған. Фактілер мен теорияларға негізделген шетелдік ресурстарды терең сараптамалық сүзгіден өткізген, бай деректер қорымен қисынды жұмыс жасаған.

Ізденуші деректермен, әдебиеттермен жұмысты отандық бір топ ғалымдардың еңбектерін зерделеуден бастайды. Оның ішінде журналистика саласындағы белді ғалымдар: Х.Н. Бекхожиннің, Т.С. Амандосовтың, Т.Қ. Қожакеевтің, С. Масғұтовтың, М.К. Барманқұловтың, Н.О. Омашевтың және көне түркі жазбаларын зерттегендер: О.О. Сүлейменовтің, А.С. Аманжоловтың, А. Мектептегінің еңбектеріне сүйенеді. Сонымен қатар, конвергенттік журналистика төңірегінде азды-кем зерттеу жүргізіп жүрген С.Х. Барлыбаеваның, жаңа медиа мен медиа технологиялар туралы Ғ.Ж. Ибраеваның еңбектеріндегі тұжырымдар мен пікірлерді де ескерген.

Дәстүрлі журналистика тақырыбын зерттеген орыс ғалымдары Д.Н. Барышников, М.М. Бахтин, В.И. Вернадский, В.В. Ворошилов, А.А. Калмыков, Т.В. Карнажицкая, Э.Г. Кочетов, Л.А. Коханова, А.В. Маринченко, Г.Г. Почепцов, С.И. Сметанинаның, Д.Л. Стровский, О.В. Шлыкованың еңбектерін де назардан тыс қалдырмаған.

Белді батыстық теоретиктер Дж. Баррат, Т. Вулфтың, Н. Ган, Д. Глик, Н.И. Конрад, Б. Кинг, Р. Киплинг, С. Куин, М. Кастельс, А. Маслоу, П. Мейсон, К. Пол, К. Ратти мен М. Клодел, К. Саган, О. Тоффлер, А. Тьюринг, М. Фриман, Э. Шмидт пен Д.Розенбергтің еңбектеріне де жүгінді.

Еуропа, АҚШ, Түркия, Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия сынды елдер ғалымдарының ғылыми еңбектерін, журналистерінің мақалаларын дерекөзі ретінде пайдаланды. Шетелдік ресурстардан сенімді, дәлелді ақпараттар алып, оларды тиісінше қолданды.

5. Академиялық адалдық принципі.

Зерттеу жұмысын жазу барысында академиялық адалдық принципі сақталған. Олай деуге басты негіз – ізденушінің пайдаланылған әдебиеттер қоры мен басқа да дереккөздерімен сауатты методологиялық жұмыс жүргізуінде жатыр. Диссертацияда қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдеріндегі дереккөздері пайдаланылған, авторлық құқық бұзылмаған, мәтіндік бұрмалаушылықтар кездеспейді. Адалдық принципіне сәйкес ізденуші тиянақты түрде пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме беріп отырады.

6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Scanned with CamScanner

Зерттеу жұмысында қыруар шетелдік мәлімет пайдаланылған, нәтижесінде ізденушінің көңілге қонымды сараптамалық жұмыс жүргізгенін аңғардық. Соңғы медиа тенденциялар сауатты жүйеленгендіктен жұмыстың практикалық маңызы ерекше. Диссертацияда берілген жүйелі ойлар мен тұжырымдарды негізге ала отырып, «журналистика» мамандығында оқитын студенттерге арналған оқу-құралы етіп басып шығаруға лайық. Қазіргі таңда журналистика факультетінің оқу бағдарламасында бар «Конвергентті журналистика» элективті пәнін оқыту, практикалық курс немесе дәріс жүргізуге мүмкіндік береді. Және тағы бір айтар маңызды практикалық құндылығы – зерттеу тақырыбы аясында қозғалған сұрақтар, келешекте басқа ғылыми тақырыптарға арқау болады және дереккөз ретінде пайдалануға лайық.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

З.Қ. Буенбаева ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген талаптарға сәйкес зерттеу жұмысы тақырыбын тарқату мақсатында республикалық және халықаралық ғылыми басылымдарда 8 мақала жариялады.

Республикалық ғылыми басылымдарда 3 мақала:

1. Буенбаева З. Журналистикадағы «брендтің» ақпараттық формасы немесе бренд-журналистиканың бүгінгі сипаты. ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2015. – № 2 (38). – 108 б.
2. Буенбаева З.К. Казахстанское телевидение в режиме онлайн// Вестник, серия журналистики.- 2016. – №4(42). - Б. 202-208.
3. Буенбаева З. Қазіргі конвергенттік және жаңа медиа технологиялардың дәстүрлі БАҚ үдерістеріне әсері. ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2015. – №1/2 (37). – Б.502-505

Scopus базасына енетін нолдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала:

1. Buyenbayeva Z., Kamzin K. The Diversification of Media Convergence in Kazakhstan Based on the Television Experience// Astra Salvensis. – 2018. -AN VI. – №11.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында 3 мақала жарияланды:

1. Буенбаева З.Қ. Конвергентті журналистиканың кәсіби деңгейі (отандық және шетелдік тәжірибе): екінші халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Жас тілшілер» форумы мен III Т.Қожакеев оқулары аясында «Қазіргі заман публицистикасы және әл-Фараби мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы, 2015.- Б. 22-23.
2. Буенбаева З.Қ. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы конвергенция үдерісінің эволюциясы // «IV халықаралық Фараби оқулары» аясында «Тұрақты даму мақсатындағы халықаралық журналистиканы оқыту модельдері (II MTIJ) атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – 2017– 135 б.

Scanned with CamScanner

3. Буенбаева З.Қ. Конвергентті журналистиканың кәсіби деңгейі (отандық және шетелдік тәжірибе): екінші халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Жас тілшілер» форумы мен III Т.Қожакеев оқулары аясында «Қазіргі заман публицистикасы және әл-Фараби мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Алматы, 2015.- Б. 22-23.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында 1 мақала жарияланды:

1. Буенбаева З., Тасилова А. Интернет-влияние и развитие онлайн-журналистики в Казахстане// Наука и современность. Сборник материалов 53, международной научно-практической конференции. – Новосибирск, 2017. – С.90

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

З.Қ. Буенбаеваның зерттеу жұмысын сараптау барысында мазмұны мен идеясы, тақырыпты тереңінен зерттеу мен фактілік мәселелеріне айтар ұсыныс жоқ. Дегенмен, кейбір техникалық және грамматикалық кемшіліктерді атап өтуді жөн санаймын:

1. Зерттеу жұмысында *«үдеріс»* және *«процесс»* сөздері қатар қолданылады. Осы сөздерді біріздендірген абзал деп білеміз.

2. Жұмыс көптеген шетелдік әдебиеттер мен ресурстарды пайдаланғандықтан, ішінара варваризмдер кездеседі. Ара-тұра грамматикалық және әріптік қателерді көзіміз шалып отырды. Әріп қателерін белгілеп, автордың өзіне ұсындық.

3. Зерттеу жұмысының стилистикасында публицистикалық баяндауға көбірек мән берілген. Біздіңше, келешекте авторға ғылыми стилистика машықтарын әлде де екшелеу керек.


З.Қ. Буенбаеваның «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясына қатысты айтылған кемшіліктер жұмыстың құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкес.

Буенбаева Зарина Қайратқызының «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша жазылған «Шығыс және Батыс медиа үдерісі: дәстүр, контент және конвергенция (салыстырмалы талдау)» атты диссертациясы философия докторы (PhD) атағын алуға лайық деп білемін. Алдағы уақытта жас ғалымның жаңа медиа төңірегінде әлде де қызықты әрі салмақты зерттеу жұмыстарын жүргізеді деп сенемін.

Ресми рецензент:
«Тұран» университеті
журналистика және аударма ісі кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты **Н. Кенжеғұлова**





Scanned with CamScanner